Бюджеттік бағдарламалар Әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 қарашада № 9897 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 68 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.02.2018 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 65-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті (В.Р. Хисматулин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 27 қарашадағы
№ 59 бұйрығымен
Бекітілген

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидалары

1. Негізгі ережелер

1. Осы Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 65-1-бабына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындауы тәртібін айқындайды.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерді қалыптастыруы үшін айқындалады.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының жеткізілген лимиттері мен жаңа бастамаларға арналған лимиттердің шегінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі өз қызметінің басымдықтарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың іске асырылуын ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстарды өз бетінше бөледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі шығыстардың бірінші кезекті басымдығын өз бетінше айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер шегінде ескерілмеген шығыстар макроэкономикалық сценарий мен кірістер болжамы көрсеткіштердің жақсаруы жағына қарай екінші кезеңде өзгерген жағдайда және (немесе) тиісті бюджет комиссиясына қорытынды дайындау барысында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе жергілікті уәкілетті органдар жекелеген шығыстарды қабылдамаған жағдайда бюджет жобасына енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау

5. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 65-1-бабына сәйкес аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен

қаржыландырылатын, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары айқындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жаңа бастамаларға арналған лимиттерін қоспағанда , бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді тиісінше бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер Қазақстан Республикасының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының, республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, жоспарлы кезеңге арналған тиісті бюджет тапшылығының мөлшері негізінде айқындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

6. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер бюджет жобасын қалыптастыру кезінде жылдарға бөле отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің әрқайсысы үшін жоспарланатын үшжылдық кезеңге жыл сайын өзгермелі негізде айқындалады.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған лимиттер әлеуметтік-экономикалық даму болжамындағы өзгерістер ескеріле отырып, кезекті үшжылдық кезеңге лимиттерді айқындаған кезде өзгертілуі мүмкін.

Макроэкономикалық болжам мен экономиканың өсу болжамы азаю жағына өзгерген жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстары лимиттерінің және жаңа бастамаларға арналған лимиттердің сомасы ағымдағы қаржы жылына арналған шығыстар бойынша бекітілген жоспардан номиналды Жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) немесе Жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) тиісті жылға болжанатын өсуінен аспауы тиіс.

Бюджетті нақтылау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жеткізілмейді.

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау кезінде:

1) тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың мақұлданған болжамы;

2) ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының бекітілген (нақтыланған) көлемі;

3) тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының бекітілген көлемі;

4) өткен және ағымдағы қаржы жылдарында бюджеттік бағдарламалардың орындалу қорытындысы;

5) бюджеттік инвестицияларды іске асыруды бағалау қорытындысы;

6) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепке Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепке облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының) қорытындылары мен ұсынымдары;

7) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың іс-шаралары есепке алынады.

Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша стратегиялық жоспарлар, өзге стратегиялық және бағдарламалық құжаттар ескеріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

8. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау кезінде лимиттердің құрамында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басқа шығыстарға қайта бөлуге жатпайтын бюджеттің мына шығыстары жеке бөлінеді:

1) іске асырылуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен көзделетін жобалар бойынша шығыстар;

2) бюджеттік субвенциялар, бюджеттік алып қоюлар;

3) үкіметтік борышқа немесе жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету;

4) мемлекеттік кепілдік;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резерві.

9. Жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер бюджеттің нысаналы трансферттері және жергілікті атқарушы органдарға жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілусіз айқындалады.

Жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер Қазақстан Республикасының заңында, облыстық мәслихаттың жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы шешімінде, аудан (облыстық маңызы бар қала)

мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы шешімінде белгіленген жалпы сипаттағы трансферттер көлемі ескеріле отырып айқындалады.

Жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңында, облыстық мәслихаттың жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы шешімінде, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы шешімінде белгіленген шығыстардың жекелеген бағыттарын қаржыландырудың ең төмен көлемдері ескеріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

10. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бірінші кезеңінде мақұлданған болжамда көрсетілген үшжылдық кезеңге арналған бюджет шығыстарының болжамына сүйене отырып, ағымдағы шығыстардың жалпы лимиті және үшжылдық кезеңге арналған бюджеттік даму бағдарламалары шығыстарының лимиті айқындалады.

Ағымдағы шығыстар мен үшжылдық кезеңге арналған бюджеттік даму бағдарламалары шығыстарының жалпы лимиті номиналды ЖІӨ-нің (ЖӨӨ) және соңғы пайдалану бойынша оның құрамдауыштарының болжанатын көлемін қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалады.

1-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін айқындау

11. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері бюджеттің базалық шығыстарына сүйене отырып айқындалады.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобалар мен қабылданған мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындау шығыстары базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, трансферттерді төлеуге және мемлекеттің басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

12. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде есептеледі.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін есептеу үшін база ретінде ағымдағы қаржы жылының 1 сәуіріндегі жағдай бойынша қаржы жылына арналған шығыстар бойынша бекітілген (нақтыланған) жоспар, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған шығыстардың бекітілген жоспары пайдаланылады.

14. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері мына формула бойынша есептеледі:

$Лимит_t$ = Ағымдағы $шығыстар_t$ + Даму $бюджеті_t$,

мұндағы

$Лимит_t$ – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті қаржы жылына арналған шығыстарының лимиті;

Ағымдағы $шығыстар_t$ – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті қаржы жылына арналған ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының шығыстары бойынша лимиті;

Даму $бюджеті_t$ – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары бойынша лимит.

15. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін есептеу үшін әрбір әкімші үшін шығыстар мынадай санаттарға топтастырылады:

1) ағымдағы шығыстар:

тұрақты сипаттағы ағымдағы шығыстар;

күрделі шығындар;

ауыспалы шығыстар;

2) бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары.

Тұрақты сипаттағы ағымдағы шығыстар:

мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету шығыстарын;

мемлекеттік тікелей міндеттемелерді;

шығыстардың көлемі бойынша негіздемелерді талап ететін мемлекеттік міндеттемелерді қамтиды.

Күрделі шығындар:

мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты мекемелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты күрделі шығындарды;

мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға байланысты күрделі шығындарды қамтиды.

Бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары:

республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстарды;

төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттерін қамтиды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

16. Ағымдағы шығыстар бойынша лимиттерді есептеу кезінде әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес тиісті жылға болжанатын инфляция деңгейі, сондай-ақ жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына бекітілген шығыстар көлемі есепке алынады.

17. Бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстары бойынша лимит мына формулаға сәйкес есептеледі:

Даму бюджеті$_t$ = Жалғасатын республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларға арналған бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар$_t$ + Жалғасатын бюджеттік инвестицияларға арналған нысаналы даму трансферттері$_t$

.

Жалғасатын бюджеттік инвестициялар шығыстарының лимиті іске асырылуы ағымдағы немесе өткен қаржы жылдарында басталып кеткен бюджеттік инвестициялар бойынша бюджетте көзделген қаражат ескеріле отырып айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстарының лимиттерін айқындау кезінде тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысы жоқ бюджеттік инвестициялар есепке алынбайды.

18. Бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар лимитін айқындау кезінде республикалық, облыстық немесе аудандық бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері бойынша пул айқындалады

.

Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері бойынша пул мына формула бойынша айқындалады:

$НДТП_t = ЖДБ_t * К_t-1$,

мұндағы

$НДТП_t$ – тиісті қаржы жылына арналған төмен тұрған бюджеттің нысаналы даму трансферттері бойынша пул;

$ЖДБ_t$ – бюджеттік даму бағдарламаларына жергілікті бюджет шығыстары (жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерін есептемегенде).

Бюджеттік даму бағдарламаларына жергілікті бюджеттер шығыстарын айқындау кезінде тиісті үшжылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы

трансферттерді есептеу кезінде ескерілген бюджеттік даму бағдарламаларына жергілікті бюджеттер шығыстарының болжамы, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің шығыстары бойынша нақтыланған жоспары ескеріледі.

$К_t$-1 – нысаналы даму трансферттері түрінде жоғары тұрған бюджеттен тартылған, бюджеттік даму бағдарламаларына жергілікті бюджеттен (жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерін есептемегенде) бөлінген бір теңгеге теңге санын айқындайтын коэффициент.

Осы коэффициент ағымдағы қаржы жылында қалыптасқан жоғары тұрған бюджеттің нысаналы даму трасферттерінен жергілікті бюджеттердің меншікті даму бюджетінің тәуелділігін айқындайды және мына формула бойынша есептеледі:

$К_{t-1} = НТ_{t-1} / ЖДБ_{t-1}$

мұндағы

$НТ_{t-1}$ – жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері;

$ЖДБ_{t-1}$ – бюджеттік даму бағдарламаларына жергілікті бюджет шығыстары (жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерін есептемегенде).

Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері бойынша пул жалғасатын және жаңа бюджеттік инвестициялардың нысаналы даму трансферттерін қамтиды.

Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері пулын айқындау кезінде Астана және Алматы қалаларының пулы жеке бөлінеді.

Республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттерін объектілер бойынша бөлу Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсыныстары ескеріле отырып, бюджеттік өтінімдерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізгенге дейін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-параграф. Жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау

19. Жаңа бастамаларға арналған лимиттер жаңа бастамаларға арналған шығыстарға сүйене отырып айқындалады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстарға:

1) әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес іске асыруға;

2) макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын көздейтін (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көлемін кеңейту) базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар жатады.

20. Жаңа бастамаларға арналған лимиттерді есептеу кезінде:

1) Мемлекет басшысының тапсырмалары, оның ішінде жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдайтын Жолдауындағы тапсырмалары;

2) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларда көзделген іс-шаралар;

3) жаңадан енгізілетін объектілерді ұстауға бағытталған шығыстар есепке алынады.

Жоспарлы кезеңнің бірінші жылына жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау кезінде жоспарлы кезеңнің бірінші жылында қаржыландыруды талап ететін, Мемлекет басшысының тапсырмалары есепке алынады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

21. Жаңа бастамаларға арналған лимиттер тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың мақұлданған болжамында көрсетілген бюджет шығыстарының болжамы мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жаңа бастамаларға арналған лимиттер ағымдағы шығыстар бойынша жаңа бастамалар мен бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар бойынша жаңа бастамаларды қамтиды.

Ағымдағы шығыстар бойынша жаңа бастамаларды айқындау кезінде, бірінші кезекте еңбекақы төлеуді, зейнетақыларды, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерді арттыруға бағытталған жаңа бастамалар ескеріледі.

22. Бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар бойынша жаңа бастамалар мына формула бойынша айқындалады:

$ДББЖБ_t = ДББЖЛ_t$ / Даму бюджеті$_t$

мұндағы

$ДББЖБ_t$ – бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар бойынша жаңа бастамалар;

$ДББЖЛ_t$ – номиналды ЖІӨ немесе ЖӨӨ болжамының негізінде айқындалатын бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстардың жалпы лимиті;

Даму бюджеті$_t$ – тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар бойынша лимиті.

23. Бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстар бойынша жаңа бастамалар нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды қоспағанда, жаңа республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстарды және жаңа бюджеттік инвестицияларға нысаналы даму трансферттерін қамтиды.

24. Жаңа бюджеттік инвестицияларға арналған нысаналы даму трансферттері нысаналы даму трансферттері бойынша төмен тұрған бюджеттердің жалпы пулы мен жалғасатын бюджеттік инвестицияларға нысаналы даму трансферттері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жаңа бюджеттік инвестицияларға арналған нысаналы даму трансферттері салалар (аялар) бөлінісінде жергілікті бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстардың қалыптасқан құрылымын (жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерін ескере отырып) ескере отырып , бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша бөлінеді.

25. Нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды қоспағанда, жаңа республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстар мына формула бойынша айқындалады:

$ЖЖШ_t = ДББЖБ_t / ЖЖНДТ_t$

мұндағы

$ЖЖШ_t$ – нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды қоспағанда, жаңа республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстар;

$ДББЖБ_t$ – бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстар бойынша жаңа бастамалар;

$ЖЖНДТ_t$ – жаңа бюджеттік инвестицияларға арналған нысаналы даму трансферттері.

Нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды қоспағанда, жаңа республикалық (жергілікті) бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстар Мемлекет басшысының тапсырмалары мен мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларда көзделген іс-шаралар ескеріле отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша бөлінеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді бюджеттік комиссияларда қарау және бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне дейін жеткізу

26. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының қарауына жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары тиісті бюджет комиссиясының қарауына жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей:

1) жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін;

2) жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде жаңа бастамаларға арналған лимиттерді енгізеді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей:

1) жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін;

2) жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жаңа бастамаларға арналған лимиттерін енгізеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2017 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

27. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер одан әрі бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жеткізу үшін тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып айқындалады.

Тиісті бюджет комиссиясы мүшелерінің ескертулері мен ұсыныстары болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері мен жаңа бастамаларға арналған лимиттерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық

уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бес күн мерзім ішінде пысықтайды.

28. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және жергілікті уәкілетті органдар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 мамырына дейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып айқындалған, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді жолдайды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері
шығыстарының лимиттерін, жаңа
бастамаларға арналған лимиттерді
айқындау қағидаларына
қосымша

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер

_____

арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы

мың теңге

Атауы	Жоспарлы кезеңнің 1-жылы	Жоспарлы кезеңнің 2-жылы	Жоспарлы кезеңнің 3-жылы
1	2	3	4
1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиті, оның ішінде			
қайта бөлуге жатпайтын шығыстар			
2. Жаңа бастамаларға арналған лимиттер			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК